

## **Халықты адамға қауіпті қан сорғыш жәндіктер мен кенеден қорғау жөніндегі кезек күттірмейтін шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 2 шілде N 840

Республикада безгек, герморрагиялық қызба, туляремия, лейшманиоз, көктемгі-жазғы кене энцефалиті және басқа да ауыр жұқпалы ауруларды таратушы болып табылатын қан сорғыш жәндіктер мен кененің жаппай таралуы салдарынан қолайсыз жағдай қалыптасып отыр.

Халықты гнустан және басқа адамға қауіпті жәндіктер мен кенеден қорғау жөніндегі кезек күттірмейтін шараларды жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы министрлігі Көлік және коммуникациялар министрлігі, Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі, Су ресурстары жөніндегі комитеті, Орман шаруашылығы комитеті, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдары, меншік нысандарына қарамастан кәсіпорындар мен ұйымдардың басышлары:

гнуспен және басқа адамға қауіпті жәндіктер мен кенеге қарсы күрес жөніндегі профилактикалық және құтқару-жою іс-шараларын ұйымдастыру бойынша кезек күттірмейтін шараларды қабылдасын;

көрсетілген шараларды өткізу үшін қажетті қаржыларды, көлік пен жұмыс күшін бөлудің мүмкіндігін іздестірсін.

2. Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы министрлігі, Су ресурстары жөніндегі комитеті аумақтық батпақтануы мен гнус ошақтарының пайда болуының алдын алу, суландыру каналдарын тазарту және жөндеу, күріш себетін жүйелерді, су қоймалары мен басқа да гидротехникалық ғимараттарды дұрыс пайдалану жөніндегі шараларды жыл сайын жүзеге асырсын, барлық суландырылған аудандарда су пайдаланудың тиісті тәртібін орнатсын.

3. Қазақстан Республикасының Орман шаруашылығы комитеті ормандық-техникалық шараларды өткізуді, орман алқаптарын құнарландыруды, тоған шаруашылығы су айдындарының батпақтануына жол бермеу үшін гидротехникалық шараларды жүргізуге қаражат қарастыруды және бақылау жасауды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі қызмет көрсететін аумақтарында батпақтануды, гнустың өсіп-өнетін ошақтарын жою жөнінде шараларды қабылдасын.

5. Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі елді мекендерді, өнеркәсіп кәсіпорындарын, гидротехникалық

ғимараттарды қайта жаңарту және құрылысын салу жобаларын әзірлеген кезде ғнустың жаппай өсіп-өнуіне жағдай туғызатын шалшықтар мен батпақтардың пайда болуының алдын алуға бағытталған шараларды қарастырсын.

6. Облыстар мен Алматы қаласының әкімдері қала шетіндегі ормандар мен су айдындары маңындағы халықтың жаппай дем алатын орындарын құнарландыруды қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі ғнуспен және басқа адамға және малға қауіпті басқа да жәндіктер мен кенеге қарсы күрес жөніндегі ғылыми-әдістемелік басшылық пен профилактикалық шараларды ұйымдастыруды күшейтсін.

8. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі:  
су көздерінің санитарлық жағдайына, суландыру торабының, ашық су қоймаларының, тұрғын үйлер мен өндірістік ғимараттар төлелерінің дұрыс пайдалануына қадағалауды күшейтсін;

адамға қауіпті қан сорғыш жәндіктер мен кенеге қарсы күрес жөніндегі шараларды өткізумен байланысты шығыстарды жұқпалы ауруларға қарсы шараларды жүргізуге арналған денсаулық сақтау бойынша бюджетте көзделген қаржыландыру шегінде жүзеге асырсын;

"Фармация" акционерлік қоғамымен бірлесіп халыққа жәндіктерді

қашырып-үркітетін (репеленттер) және басқа да заттардың кеңінен сатылуын қамтамасыз етсін;

ғнустармен және басқа қан сорғыш жәндіктер мен кенеге қарсы күрес жөніндегі шаралардың өткізілуіне басшылық пен бақылауды жүзеге асырсын.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК